

ШЕШЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРКЕМДІК БЕЙНЕЛЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Н. А. Жарасбаев

Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институты оқытушысы.

АННОТАЦИЯ

Қазақ шешендік өнерінде стиль түзуші көркемдік тәсілдің бірі екі нәрсенің ұқсастығын баса көрсетіп, бір құбылысты екінші бір құбылысқа теңеп айту екені белгілі.

Кілтті сөздер: шешен, теңеу, эпитет, метафора, троп

АННОТАЦИЯ

Известно, что одним из стиливых приемов в казахском ораторском искусстве является подчеркивание сходства двух вещей и отождествление одного явления с другим.

Ключевые слова: говорящий, уравнение, эпитет, метафора, троп.

ABSTRACT

It is known that one of the stylistic devices in Kazakh oratory is emphasizing the similarity of two things and identifying one phenomenon with another.

Keywords: speaker, equation, epithet, metaphor, trope.

Қазақ шешендік өнерінде стиль түзуші көркемдік тәсілдің бірі екі нәрсенің ұқсастығын баса көрсетіп, бір құбылысты екінші бір құбылысқа теңеп айту екені белгілі. Салыстыру, теңеу, эпитет құбылыстардың белгілі бір сипаттарын барынша айқындап, даралап көрсетуге мүмкіншілік береді. Сондықтан теңеу, эпитет тәсілін пайдаланбай сөйлейтін шешен жоқ. Шешендердің өзара ырғасқан, арбасқан айтыстарында сөз арқылы белгілі заттар, нақты құбылыстар ғана емес, абстрактылы ойлар, күрделі ұғымдар және олардың тууына негіз болған оқиғалар сарыны теңеудің тууына себепші болды. Өмірде болған, мысалға айналып кеткен оқиғалар даудың басы болған жаймен салыстырылып, нәтижесінде тыңдаушы жұртты белгілі бір пікірге ұйыту тәсілі қазақ шешендерінің шығармашылық тәжірибесінде кең қолданылады. Оның жарқын бір үлгісін «Торайғырдың күн беруінен» көруге болады. Торайғыр түн жамылып келген

барымташылардан жылқы айырып қалғанда, найзасы Уэли ханның біреуіне қатты тисе керек. Барымташы содан жан тапсырады. Өлген адам Уэли ханның бір қадірлі төленгіті екен. Уэли хан қайтыс болып, ас бергенде, асқа елмен бірге Торайғыр да барады. Уэли ханның орнында отырған Абайділда хан Торайғырға тұспалмен өткен оқиғаны еске салады. Сонда Торайғыр Абайділда ханға пайғамбарлар тарихынан Мұса пайғамбардың басынан өткен жайды мысалдайды. Құдаймен екі арада болған тілдесуде Мұса өзінің жердің кеңінде тұрғанын, жердің тарында Құдайдың тұрғанын айтады. Құдай мұның мәнісін сұрағанда, Мұса: «Рас, он сегіз мың ғаламды жаратып, мені жоқтан бар қылған құдайым сен болсаң, сендей құдайым бар екен. Олай болса мен жердің кеңінде тұрмай, кім тұрады? Менің сендей құдайым бар болғаны үшін, жердің кеңінде тұрамын. Сенің ар жағында сүйенетұғын құдайың жоқ, жердің тарында тұрғаның сол емес пе?» Сонда құдай айтқан екен: «Рас айтасың құлым. Сөзің – хақ сөз!» Сол айтқандай, сендей төрем бар, не қамым бар, тақсыр?!» – дегенде, Абайділда хан: «Рас айтасың, Торайғырым, жеті бастатқан «тоғызың» бізден болсын!» – депті [1,163б.]. Осылайша, ердің құны екі ауыз сөзбен бітеді. Бұл секілді стильдік тәсіл ерте дәуір шешендерінің тәжірибесінде де болған. Аристотель өзінің «Риторикасында» мұның бірнеше мысалдарын келтірген [2,195б.]. Шешен бұл тәсілді дау басы болып отырған оқиға бойынша белгілі бір тұжырыс жасауға қажетті алғышарт, дәйектеме ретінде пайдаланады. Қазақ шешендерінің шығармашылығында жиі кездесетін тәсіл – шешендерге әр түрлі мақсатпен сұрақ беру. Мына бір шешендік сөзде жасы сексенге келген Жетес биге, әрбір он жылды бір белеске қойғанда, не нәрсеге теңер едіңіз? – деген сұрақ қойыпты. Сондағы Жетес бидің теңеулері:

Мен он жасымда асық ойнадым, қызығына тоймадым, қатар балалардың асығын ұтып қоймадым;

Жиырмаға келдім, бойға жетіп бойладым, онда да балалықты қоймадым;

Жиырма беске жеттім, жақсы іске сүйіндім, жаман іске күйіндім, барымды бойға киіндім. Сұлу қыз келіншек болса, соған шүйілдім;

Отызға келдім, қызыл алтайы түлкі болдым, қыран бүркітке алдырмадым, құмай тазыға шалдырмадым, қатар-құрбымның көңілін қалдырмадым;

Қырыққа жеттім, арғымақтай аңқылдадым, тау қырандай шаңқылдадым, ақ алмастай жарқылдадым, дариядай сарқылдадым;

Елуге келдім, биік бір қара төбенің басына шықтым, алды-артымды тегіс көрдім, бірақ қай жағы алыс, қай жағы жақын екенін біле алмадым;

Алпысқа жеттім, алты тарау жолға кездестім, қайсысына түсуді білмей дағдарысқа ұшырадым;

Жетпіске келдім, жеңілгенімді білдім, билікті бала-шағаға бердім, айтқанына көндім, жетегіне ердім; Тап осы күні сексендемін: алдым терең құз, артым биік жар, сол жағым – су, оң жағым – от. Қалай қарай қозғалсам да маған тіршілік емес - ау.

Шешен өмірден көрген-білгенін, түйгенін адамның әр он жас есейгеніне балама ретінде алып теңейді. Бұл шешендерге ғана тән теңеулік тәсіл. Ал сөз деңгейіндегі теңеу, эпитет – аса ұтымды, жеңіл тәсіл. Троптың күрделі, тосын түрлері секілді ойға, қабылдауға салмақ тудырмайды, тыңдаушыға бірден жетеді, ойға оңай қонады. Бұл тәсілдің жиі кездесетіні соншалық, оны шешендік өнер жүйесінде шешеннің жеке стилін түзуші фактор қызметін атқарады деп айтуымызға болады. Сондықтан да біз теңеудің шешеннің жеке стилін түзуші қызметін троп-құбылту түрлерінің қызметінен бөлек қарастырамыз. Екінші жағынан, бұлар, Аристотель айтқандай, тектес, бірінен-бірі туындап жатқанмен [2, 236б.], теңеудің әлі де метафора еместігін әдебиеттанушылар айтып та жүр. Теңеу мен эпитетте сөз мағынасы ауысып, өзгермейді, екі құбылыс бір-біріне толық баланбайды, белгілі бір қасиеттері, белгілері ғана салыстырылады, айқындалады. Әр шешеннің өзіндік шығармашылық машығынан, дағдысынан туындайтын тұрақты шешендік теңеулер мен эпитеттер болады.

Ал теңеудің өзінің табиғаты мен ерекшелігіне жалпы шолу жасар болсақ, қазақ әдебиеттануының көшбасшысы А.Байтұрсынов теңеу хақында «Көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанмен, нәрсенің бірнесін сүгіреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсетеміз» [3, 186б]. Ғалым теңеудің екі түрін бөліп көрсетеді: әншейін теңеу, әдейі теңеу. Шешендік сөздерде бұлардың екеуі де кездеседі. Жалпы, теңеуде екі құбылыстың жеке бір қасиеттері салыстырылады. Салыстырмалы мәнде берілген мағыналардың қолданыла келе тұрақтылық сипат алуы фразеологизмдерде сақталған: тонның ішкі бауындай, тайға таңба басқандай, тышқан алған мысықтай, қыл үстінде тұрғандай. Бұлар ғалымның айтуынша, «тілді көрнектеу үшін жұмсалатын – әдейі теңеулер».

Өлең сөздің теориясы еңбегінде З.Ахметов «Теңеу – екі нәрсені, құбылысты салыстырудың ең көп тараған тәсілі. Жасалу қалпына қарай теңеулердің сан түрлі болып келетіні

байқалады. Бірде теңеу екі нәрсені тұтас алып салыстыру арқылы жасалса, енді бірде айтылып отырған нәрсенің бір сипат-белгісін, түсін, дыбыс-үнін, тағы басқадай жеке ерекшелігін өзге нәрсемен салыстырып бейнелеу негізінде туады. Сонымен қатар бір нәрсені басқа нәрсемен қимыл-қозғалысындағы ұқсастықты тірек етіп салыстыру жолымен жасалған теңеулер де жиі кездеседі.

Бір-біріне мүлде жанасымы жоқ сияқты көрінетін екі нәрсенің қандай да бір қасиет белгілерінен, не қимыл өзгешілігінен ұқсастық, жақындық тауып, теңестіруге болатынын атап айта кету қажет. Бұған теңеуді әдебиетте, поэзияда бейнелеу құралы етіп пайдаланудың шексіз бай мүмкіндігі бар екені айқындалады» [4, 176]. Ғалымның осы сөзін назарға ала отырып, көркем тілде теңеу -дай, -ша жұрнақтарымен, сияқты, тәрізді, бейне, тең сөздерінің тіркесімен жасалатынын ескерсек, шешендік сөздерде мұндай теңеулер көптеп кездеседі.

Ал «Тұрақты теңеулер сөздігінде»: «теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [5, 3876], – деген анықтама берілген. Демек, теңей айту әдісін әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы ретінде танитын болсақ, шешендер үшін бұл аса өнімді де ұтымды тәсіл болғаны анық.

Мысалдар арқылы өз ойымызды дәйектер болсақ, шешендік сөздер әлемінде мұндай көркемдік теңеулердің тұтас бір қазынасын табуға болады.

Бөкен бидің Сырымға берген батасы:

Арқаң қара нардай жауыр болсын,

Мінезің қара жердей ауыр болсын, – дейді [6, 50 б.]

Бата түрінде келген бұл астарлы да мәнді шешендік сөзде -дай, -дей арқылы адам бойындағы мінез бен қасиетті нардың төзімділігіне және қара жердің ауырлығына теңеп, кеңпейілділікке үндейді. Алғашқы жолда, нардың төзімділікпен халқыңа қызмет ет десе, келесі жолда, салмақты бол, жердің бәрін көтеретін сияқты, сенде төзімді бол деп астарлап теңейді. Бұндағы теңеудің астары қалың.

-Дай, -дей жұрнағы арқылы жасалатын тағы бір түріне назар аударайық:

Жақсы кісі ақылымен тәуір болады,

Мінезі қорғасындай ауыр болады,

Құлағы өсекті естімейтін сауыр болады,

Кедейдің жалғыз керіндей Құйрығы шолақ, арқасы жауыр болады.

«Мінезі қорғасындай», «кедейдің жалғыз керіндей» деп алсақ та, әдемі теңеу жасалып тұр. Бұл кімге айтылған теңеу, неге айтылған теңеу?... Бұл жақсы адамға берілген мінездеу. Сондықтан да тек –дай, -дей-мен жасалған теңеуді теріп алсақ, теңеудің мәні әлсірейді. Жақсы кісі қандай теңеуге лайық. Шешен тілімен айтқанда – ақылды, сабырлы, салмақты, өсекке ермейтін салихалы, келбетті, халықты соңынан ерте алатын азамат болуға тиіс. Шешендік сөздердегі теңеулер тек салыстырумен ғана шектелмейді. Оның шешен сөзінің мазмұны мен пішінінің тұтастығына да қатысы бар. Сонда ғана шешендік стильдегі теңеу бола алады. Мына бір шешендік сөзге назар аударайық:

Бақ-дәулет келер болса,
Отыңның басы ұйым болар,
Үйің күнде мейман – жиыр болар.
Кедейлік келер болса,
Бұта түбі үйің болар,
Кедейлікке қарсы тұр,
Келетұғын көрінбей.
Бір мінсе иығыңнан түспейді,
Қайнатқан қара желімдей.

Шешен сөзінің басында бақ-дәулет туралы сөз қозғайды да, оны кедейлікпен салыстыра баяндайды. Екеуін салыстыра отырып, кедейліктің жолынан сақтандырады. Оған көз жеткізу үшін тыңдарманына кедейлікпен желімді қатар теңеп суреттейді. Бұл шешендік сөздегі теңеуді сөздің қорытпасы ретінде қабылдауымызға болады. Шешен шынайы өмірден жиған тәжірибесін бақ-дәулетпен кедейліктің образы ретінде алып теңейді. Мына бір шешендік сөзден де мазмұн мен пішін бірлігін көреміз: Жақсы туған жігітті, Жаным десе жарасар. Жақсы ұл туған қатынды, Ханым десе жарасар. Жақсы туған жігітке Бүкіл елі таласар Жаман туған жігіттер Қара жолда адасар. Шешен алғашқы төрт жолда «жаным» мен «ханымға» теңесер жігіт пен қатынды айтады. Ақиқат, шындық. Теңеуге тұрар жағдай. Ал келесі төрт жолда соны дәлелдейді. Шешен өзі таныған ақиқат өмірден жинаған шынайы дүниелерін осылай теңейді.

Жоғарыдағы мысалдардағы -дай, -дей арқылы теңеу жасаудың рөлі мен мазмұны түрліше сипат алады. Бірінде

астарлай жеткізу үшін қолданылса, енді бірде суреттеу үшін, тағы бірде әсерді күшейту үшін қолданылады.

Тағы бір шешендік сөздердегі теңеуге назар аударсақ, мұнда сөз қолданысындағы дәлдікке көз жеткіземіз:

Әкесі өлген – асқар тауы құлағанмен тең,

Шешесі өлген – ағар бұлағы суалғанмен тең,

Ағасы өлген – қанаты қайырылғанмен тең, Бауыры өлген – ет бауыры езілгенмен тең.

Қолдану дәлдігі тұрғысынан теңдесі жоқ тамаша теңеулер, әке асқар тауға, шеше ағар бұлаққа, аға қанатқа, бауыр қажеттілікке теңелген. Бұдан артық дәлдік, тапқырлық болмас. Осының басын біріктіріп, ортақ мағына беріп тұрған «тең» сөзі. Осы сөзбен әке, шеше, аға, бауырдан айырылудың қандай болатыны образды түрде ойға қозғау салып, осы ұғымдардың асқақ, биік тұлға екендігін дәлелдеп тұрғандай.

Қазақ шешендерінің шығармашылығында сөздің эмоциялық әсерін күшейту үшін - ша, - ше жұрнағы арқылы да теңеу жасау дәстүрге айналған стиль түрі.

Тоғайға бұққан танадай,

Жан-жағына қарамай,

Жапалақша жалпимай,

Қарақұсша қалқимай,

Жолсыз жерге жанаспай,

Тұр, орнымды бер, талтаймай, – депті [7, 54 б.] Асаубай шешен өз жолын білмеген Тіленші биге. Теңеу қазақ ұғымына етене жақын күнделікті көріп жүрген танаға салыстырылып, артынша қазақ ұғымында нашар жағымен танылған құстарға меңзеу арқылы жасалады. Шешендік өнерде кездесетін теңеудің келесі түрі – жобамен теңеу.

Тамаша алғашқы шу сияқты,

Қуанышқа көтерген су сияқты.

Шу қылып аяқ жағын шерменде ғып,

Болады тілеп ішкен у сияқты [7, 127 б.]

Көбей бидің теңеулері жобамен айтылып, «сияқты» сөзі арқылы суреттелген. Келесі бір шешендік сөзде, Діқанбай дейтін дулаттың белді кісісі:

– Иә, Бөлтірік, сені осы жұрт «сыншы, сыншы»

депмақтайды. Сонда не айтасыңөзің, тегі? Сынағыш болсаң, мынаменісынашы, қане! – депті.

– Сенің қолындағы байлығыңа, қойнындағы құтыңа, бақытыңа таласым жоқ, бай-еке, – депті Белтірік, – қояр кінәм да жоқ. Сол бақыт, байлық құт біткендей сиқың бар ма? Басың бақырдай, бетің тақырдай, кәрі бураның бұтындай бұлтиып тұрған ұртың мынау. Аузың болса олақ кісі шапқан итаяқтай. Мұрныңның сарт аяғында сүйретіліп жүріп тозған жаман кебістен айырмасы бар ма? Кісінің сенен асқан шартығы бар ма? Осы айтқандарымның артығы бар ма? – депті [8,276]. Шешен ұтымды да ұтқыр сөздерімен образдап, көркем шешендік теңеулерін -да, -де жұрнағымен нақтылап отырады да осы теңеулердің шын мәнісінде дәл солай екендігін «айырмасы бар ма», – деп өзіне мақұлдатады. Бұл да тек шешенге тән теңеу жасаудағы стильдік ерекшелік. Шешен алдымен тыңдаушысына Диқанбайдың шындығында бай болуымен қатар құт, бақ қонған адам екенін, оны дәл қазіргі жағдайы дәлелдейтіндігін сөз ете отырып, дегенмен соған лайық сиқының жоқтығын өзіне сұрақ етіп қойып, тыңдаушысын елең еткізіп, назарын өзіне аударады. Содан барып, «осы айтқанымның артығы бар ма?» деп мақұлдатады. Оны тыңдаушыларға ұйып тыңдап, шындығында солай екеніне сеніп отырады. Ал қарсы жақтан жақын арада жауап болмағандықтан, шешеннің сөзбен салған суреті Диқанбай тән ретінде қалыптасып, уақыт өткен соң ел сол теңеулерді жатқа айтатын болады. Шешен сөзінің стилі айқын. Бұл жерде біз мынаны ескеруіміз керек: стильдің айқындығы қарабайырлыққа ұрындырмауы шарт. Шешеннің стилі айқын бола тұра, тыңдаушыларын өзінің ерекше болмысымен сүйсіндіруі, таңдандыруы қажет. Жұрт өзін сүйсіндірген, таңдандырған сөзге илануға, соған көнуге бейім болып тұрады.

Екі түрлі құбылысты немесе олардың белгілі бір ерекше сипаттарын бірбіріне теңестіре отырып, белгілі бір сипаттың әрін ерекше ашып айтуды әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы ретінде таныған дұрыс. Шешендер үшін бұл ойды айқындап, тереңдете түсудің, құбылыстың мәніне мән қосып, көркіне көрік қосудың, сөйтіп сөздің мазмұнын нәрлендіріп, пішінін әрлендірудің аса өнімді де ұтымды тәсілі болғаны анық.

Қазақ шешендерінің шығармашылық даралығын айқындайтын көркемдік бейнелеу құралдарының қатарында тілдік құралдар деңгейіндегі және оқиғалар деңгейіндегі астары қалың теңеулер тобын кездестіруге болады. Ұлғайған, тұтасқан теңеулер түрін кездестіруге болады. Шешендік сөздердің бірінде теңеу белгілі бір ойды астарлы қалыпта жеткізу үшін, енді бірде құбылыстың бейнелілігін, көрнекілігін арттыру мақсатында пайдаланылады, тағы бірде сөздің эмоциялық

әсерін күшейту үшін қолданылатындығын жоғарыдағы мысалдардан көз жеткіздік.

Шешендік сөз әлемінде аса жиі кездесетін көркемдік тәсілдің бірі – екі нәрсенің ұқсастығын баса көрсетіп, салыстырып теңеп айту екендігіне көз жеткіздік. Теңей сөйлемейтін шешен жоқ екен. Қазақ шешендерінің шығармашылығында теңеу аса ұтымды қолданылады. Бұл тәсілдің жиі кездесетіні соншалық, шешендік сөздер стилінің айқын белгісі ретінде бөліп, әр шешеннің өзіндік теңеу дағдысынан туындайтын шешендік теңеулері болатынын және сол бір шешеннің стилдік тәсіліне айналатынына көз жеткіздік.

REFERENCES

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. - III том. Алтын Орда дәуірі мен қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. - Алматы: Қазақпарат, 2008. – 462- 475 бб.
- 2 Аристотель. Поэтика. Риторика. О душе. – М.: Мир книги, 2009. – 400 с.
- 3 Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. - 320 б.
- 4 Ахметов З. Әлең сөздің теориясы. – Алматы, Мектеп, 1973.- 26 б.
- 5 Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. - Алматы, Арыс, 2007.- 96 б.
- 6 Ел аузынан. Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер. //Құрастырғандар: Адамбаев Б., Жарқынбекова Т. – Алматы, 1998.- 100б
- 7 Билер сөзі. – Алматы: Жалын, 1992.- 78 б.
- 8 Әлменұлы Б. Шешендік сөздер / Құрастырған, түсініктемесін жазған Ж.Дәдебаев. – Алматы, 1991.- 100 б.